

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 99 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға 2016 жылға субсидиялар көлемдері мен нормативтерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2016 жылғы 07 қарашадағы № 335 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 қарашада № 3189 болып тіркелді **РҚАО-ның ескертпесі.**

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" заңдарына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9987 болып тіркелген) сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 99 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға 2016 жылға субсидиялар көлемдері мен нормативтерін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3045 болып тіркелген, 2016 жылғы 23 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 3-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Б. Ерсайынұлы) осы қаулының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р. М. Әміржановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"Маңғыстау облысының
 ауыл шаруашылығы басқармасы"
 мемлекеттік мекемесінің басшысы
 Б. Ерсайынұлы
 "07" 11 2016 жыл

Маңғыстау облысы әкімдігінің
 2016 жылғы "07" 11
 № 335 қаулысына
 қосымша
 Маңғыстау облысы әкімдігінің
 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 99
 қаулысына 3 қосымша

**Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға және мал шаруашылығы
 өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға 2016 жылға субсидиялар көлемдері**

№	Субсидиялау бағыты	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидияланатын көлем, килограмм	Субсидия сомасы, мың теңге
Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту				
1	Қой шаруашылығында селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу: асыл тұқымдық зауыттар мен шаруашылықтардағы асыл тұқымды қойлардың аналық басы	1 500	7 998	11 997,0
2	Асыл тұқымды еркек тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу	8 000	247	1 976,0
3	Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу	40 000	52	2 080,0
4	Отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	120	16 000	1 920,0
Өнім өндірісінің құнын арзандату				
5	Түйе еті	90	30 000	2 700,0
6	Шұбат	55	550 000	30 250,0
7	Жылқы еті	92	20 000	1 840,0
8	Қой еті (1-деңгей)	200	35 000	7 000,0
9	Қой еті (2-деңгей)	100	10 900	1 090,0
Ірі, шырынды, құрама жемшөп пен жемшөп қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату				
10	Қой шаруашылығы	1585	8 000	12 680,0
11	Жылқы шаруашылығы	3754	1000	3 754,0
12	Түйе шаруашылығы	3387	801	2 713,0
Жиыны				80 000,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК